

**№7 ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ БІРТҰТАС ТӘРБИЕ
БАҒЫТЫНДА 2023-2324 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ І ТОҚСАНЫНДА
АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыруда үкімет пен қоғам күші біріктіріп жұмыс істесін деп тапсырма берді. Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар ғана құрады. Мемлекет басшысы Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуға тиіс деді. Ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Осы бағытта бізге орасан зор жауапкершілік пен міндет жүктеліп отыр. «Тәрбие тал бесіктен басталатынын» ескере отырып, өскелең жас ұрпақтың бойына адалдық қағидаттарын сіңіреміз десек, ең алдымен оған өзіміз өнеге көрсетер тұлға болуымыз керек.

Президентіміз біздің ұлттық бірегейлігіміз табыстылықта екенін айтты. Бұл ел дамуының маңызды стратегиясына айналуға тиіс. Әр білім мекемесі өз алдына «Біз қайткенде табысты мектеп бола аламыз» деген мақсат қойып, оған жауап беруге дайын болуы керек.

Президент «Ел атын әлемге танытып жүрген жастар ұлттың рухын жаңғыртуда» деп атап көрсетті. Біз жастардың бойындағы өнер-білімге, ғылымға, жаңашылдыққа деген осы серпілістің қарқынын сақтай отырып, оны күшейтуіміз, дамытуымыз қажет. Мемлекет басшысы білімді дамыту арқылы ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру керек деп міндет жүктеді, мұны біз абыроймен атқаруымыз керек. Осы жолда жоспар құрып, еңбек етудеміз.

1 қыркүйекте - Білім күні салтанатты жиын және сынып сағаттары өткізілді. Білім күніне арналған «Болашақ менің қолымда», «Мектебім – мейірім мекені», «Жарқын каникулдан жарқын естелік», «Менің жазғы демалысымдағы көңілді сәттерім» атты бейнероликтер түсірілді.

Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтері арасында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру бойынша «Мектеп-мейірбандық мекені» аудандық челленджі өткізілді.

2023 жылғы 01-09 қыркүйек аралығында өтетін жастар арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі апталық жоспары бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа біздің қоғамда орын жоқ» тақырыбында педагогтардың арасында жалпы жиналыс болды.

2023 жылғы 01-09 қыркүйек аралығында өтетін жастар арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі апталық жоспары бойынша қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері 7-9 сынып білім алушыларына «Адалдық-асыл қасиет» тақырыбында эссе жаздырды.

9 «А» сынып жетекшісі Жанерке Әділова «Сатып алу махаббаты дегеніміз не?» тақырыбында сынып сағатын өткізді. Бастауыш сынып оқушылары арасында аталған тақырыпта сурет байқауы өткізілді.

5 қыркүйек күні Қазақстан халқы тілдер мерекесінің «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты іс-шараның ашылу салтанаты болды. Тілдер мерекесіне орай «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» онкүндігі өткізілді. «Қожа Ахмет Ясауи – түркі халықтарының ар мен жан тазалығын дәріптеушісі» челленджімізді Әлия Молдағұлова атындағы мектепке жолдадық.

2023 жылы 8 қыркүйекте «Тоғыз айға – тоғыз іс-шара» аясында республикалық дене сергіту челленджі өтті.

08.09.2023 жылы мектеп инспекторлары Т.Садырбаев пен Сәкен Жорақұлов «Абайлаңыз, балалар» атты іс-шарасында балғындарға жолда жүру ережесін түсіндірді.

11-12 қыркүйек күндері «Жер-2023» республикалық оқу-жаттығу іс-шарасы өткізілді.

15 қыркүйекте ақындар айтысының мектептішілік кезеңі өтті.

16 қыркүйекте еліміздің барлық аумақтарында өтіп жатқан жыл сайынғы «Дүниежүзілік тазалық күні» және сонымен қатар «Киелі табиғат» экологиялық акциясы аясында мектеп мұғалімдері мен техникалық қызметкерлер ауланы сыпырып тазалады.

18 қыркүйекте «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жобасы аясында ақындар айтысының мектептішілік кезеңі өтті.

21 қыркүйекте 10-11 сынып білім алушылары арасында «Жаңа күн Жаңа Қазақстан» тақырыбында ашық алаң деббаты өтті.

21 қыркүйекте мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ерлан Абубакиров, Гүлбахар Тагаева мен ұлдар кеңесінің төрағасы Қуат Медетбаев 8-11 сынып білім алушыларының арасында ұлдар кеңесін өткізді.

25 қыркүйек күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жансая Ережепова 5-сынып білім алушылары арасында «Ұшқыр ой мен шешен тіл» атты интеллектуалдық сайысты өткізді. Абай ауылы жастары ұйымының мүшелері марапаттады.

26 қыркүйекте «Жаңа күн Жаңа Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

28 қыркүйекте «Адалдық сағаты» дәрісі өткізілді.

28 қыркүйекте мектебімізде «Өз Отанының сенімді қорғаушысы болу» тақырыбында аудандық семинар өтті.

1 қазанда «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру кешенді жоспарына сәйкес 4-сынып білім алушылары арасында «Жүзден жүйрік» спорттық сайысы өтті.

1-қазан халықаралық қарттар күні мерекесіне орай Гүлзипа апаны құттықтап қайтты.

2 қазанда «Ұстазды ұлықтау» апталығының алғашқы күні білім алушылар «Ұстазым, менің ұстазым» атты концерттік бағдарламаны ағартушыларға ұсынды. Қабырға газеттерін шығарды.

Мұғалімдер мерекесіне орай сынып жетекші Алия Уканова шәкірттерімен «Білім және өмір нұрын кім сыйлайды?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

2023 жылы 2 қазанда «Ардагерлерді ардақтайық» әс-шарасы аясында қарттар күніне шахмат пен дойбыдан аға және жас толқын арасында жарыс өтті.

3 қазанда мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Тагаева, қыздар кеңесінің төрайымы Э.Алдабергенованың ұйымдастыруымен өткен «Қызға қырық үйден тыйым» атты кеңеске 8-11 сыныптың қыздары қатысты.

Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 5 қазан күні мектепте дублер күні өтті. Мұғалімдердің қатысуымен жоғары сынып білім алушылары 2 сабақ өтті.

4 қазанда «СӘТ» телеарнасының журналистері мектебіміздің қол жеткізген жетістіктері жайында бейнероликті әлеуметтік желіде жариялады.

5 қазанда Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен, дін істері басқармасының ұйымдастыруымен дін саласы бойынша ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелерімен Республикаға танымал ғұламалардың қатысуымен кездесулер өткізілуде.

Осы жоба аясында, бүгін Келес ауданында «Сарыағаш» медресе-колледжінің директоры Сманов Дінмұхаммед Әбдіжаппарұлы Абай ауылындағы № 7 жалпы орта мектептің жоғарғы сынып оқушыларымен кездесті. Аталған шарада жалпы қоғам арасындағы түрлі деструктивті діни ағымдардың идеологиясының таралуының алдын алуға, сондай-ақ қазіргі таңдағы ынтымақтастық пен татулықта діннің алар орны ерекше екендігі түсіндірілді.

9 қазан күні кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипатындағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепшілік тәрбие жоспарына сәйкес

«Құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет» тақырыбында ата-аналармен жиналыс өткізілді.

2023 жылы 10 қазан күні Келес аудандық білім бөліміне қарасты N7 жалпы орта білім беретін мектепте 9-11 сынып білім алушылары арасында АИТВ/ЖИТС (ВИЧ/СПИД) жұқпасының алдын алу мақсатында “АИТВ (ВИЧ) туралы көбірек біл!” тақырыбында семинар өтті.

“Облыстық ЖИТС-тің алдын алу және онымен күресу орталығының” мамандары И.Жақсылықов, Қ. Избасаров жасөспірімдер мен жастарға аталған аурудың жұғу жолдары, оның алдын алу жайында толыққанды түсіндірді.

2023 жылы 13-15 қазан күндері Астана қаласында каратэден (WKF) шито-рюден өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында Келес аудандық білім бөліміне қарасты N7 жалпы орта білім беретін мектебінің 9 “Б” сынып білім алушысы Рүстемов Салахиддин жүлделі ІІ орын тұғырына көтерілді.

2023 жылы 14-15 қазан күндері Шымкент қаласында “Атадан мұра” қорының ұйымдастыруымен бүлдіршіндер, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында өткен “Ұлы дала ұрпағы” атты республикалық байқауда вокал номинациясы бойынша үздік өнер көрсеткені үшін 9 “Б” сынып білім алушысы Аби Ардана жүлделі І орынды иеленді. Жарайсың, Ардана! Өнерің өрге жүзсін!

N7 жалпы орта мектебінің тәжірибелі ұстазы, білікті сынып жетекші Жансая Ережепова жаңа форматта өткізген ата-аналар жиналысында “Балама хат” әдісі қолданылған болатын. Аналарының хатын оқыған перзент жүзінен жағымды эмоция, бақытты көреміз.

2023 жылғы 20 қазанда Келес аудандық білім бөліміне қарасты N7 жалпы орта білім беретін мектебінде 5 “Ә” сынып жетекшісі Динара Алдабергенова “Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі” тақырыбындағы ата-аналар жиналысын тренинг-сабақ ретінде жаңа форматта өткізді. Жиын өте әсерлі өтіп, ата-аналарға қатты ұнады.

2023 жылғы 20 қазанда Келес аудандық білім бөліміне қарасты N7 жалпы орта білім беретін мектебінде 5“Б”сынып жетекшісі Гүлмира Эльчибекова “Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі” тақырыбындағы ата-аналар жиналысын тренинг-сабақ ретінде жаңа форматта өткізді. Жиын өте әсерлі өтіп, ата-аналарға қатты ұнады.

2023 жылы 21 қазанда өзін-өзі басқару ұйымының президентін сайлау іс-шарасы өтті.

26 қазан күні «Күз ханшайымы» байқауы өтті. 8-10 сыныптың қыздары бақ сынасты. 9 «Ә» сынып білім алушысы Аянат Мейіржан бас жүлдені жеңіп алды.

27 қазан күні өзін-өзі басқару ұйымының президенті инаугурацияда жоғары сынып білім алушыларына салтанатты жағдайда таныстырылып, өз антын берді.

27 қазан күні құқықбұзушылық пен қылмыстың, экстермизм мен терроризмнің, буллинг пен лудоманияның алдын алу мақсатында Түркістан облыстық полиция департаментінің экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының бөлім бастығы, полиция полковнигі Жумадиллаев Қуаныш Төлегенұлы, Келес аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Жаппаров Ерлан Артықбекұлы, полиция полковнигі Жақыпбеков Шыңғыс Баубекұлы, Келес аудандық білім бөлімінің бас маманы Адеев Әшірбек Абытұлы 8-11 сынып білім алушылары арасында жиын өткізді. Өркендер өз сұрақтарына толыққанды жауап алды.

2023 жылы 27 қазан күні N7 залпы опта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлбахар Тагаева қыздар кеңесінің төрайымы Эльмира Алдабергеновамен біргелікте “Қыздың бойында бәрі әдемі болуға тиіс” тақырыбында кезекті кеңесті өткізді. Жиынға 8-11 сыныптың қыздары қатысты. Бүгінгі таңда қыздар арасында мектеп жасында боянудың, ұятсыз сөздерді айтудың, керісіп қалған жағдайда төбелеске шақырудың бұрыс екенін ортаға салды. Тәжірибелі де білікті, әрбір сөзін ойланып айтатын өнегелі ұстаз Эльмира Әліпқызы жоғары сынып бұрымдыларына өзінен кішіге ізетпен карап, мейірімділік танытуға, ал кішілердің алдыңғы буынды сыйлап, сыйласуға, инабатты да ибалы қазақтың қызы болып жетілуге шақырды.

27 қазан күні мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гульбахор Тагаева мен қыздар кеңесінің төрайымы Эльмира Алдабергенова «Қыздың бойында бәрі әдемі болу тиіс» тақырыбында кезекті кеңесті өткізді. Бүгінгі таңда қыздар арасында мектеп жасында боянудың, ұятсыз сөздерді айтудың, керісіп қалған жағдайда төбелеске шақырудың бұрыс екенін ортаға салды.

Мектебімізде білім сапасы мен оқушылардың жақсы тәлім-тәрбие алуына барлық жағдай жасалуда.

ЕСЕПТІ ДАЙЫНДАҒАН:

ТАГАЕВА Г.А.,

№7 жалпы орта мектеп
директорының тәрбие ісі
бойынша орынбасары.

